

1992 жылғы 9 қазандағы Тәуелсіз мемлекеттер достастығына қатысушы мемлекеттердің Геодезия, картография, кадастр және Жерді қашықтықтан зондтау саласындағы өзара іс-қимылы туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 18 мамырдағы № 313 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2021 жылғы 28 мамырда Минскіде жасалған 1992 жылғы 9 қазандағы Тәуелсіз мемлекеттер достастығына қатысушы мемлекеттердің Геодезия, картография, кадастр және Жерді қашықтықтан зондтау саласындағы өзара іс-қимылы туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттама бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Ескерту. Нормативтік құқықтық актіге қоса тіркелген халықаралық хаттаманың мәтіні ресми болып табылмайды. ҚР халықаралық хаттамасының жасасқан тілдердегі ресми куәландырылған көшірмесін ҚР халықаралық хаттамаларын тіркеуге, есептеуге және сақтауға жауапты ҚР Сыртқы істер министрлігінен алуға болады

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2022 жылғы 18 мамырдағы
№ 313 қаулысымен
бекітілген

1992 жылғы 9 қазандағы Тәуелсіз мемлекеттер достастығына қатысушы мемлекеттердің Геодезия, картография, кадастр және Жерді қашықтықтан зондтау саласындағы өзара іс-қимылы туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы ХАТТАМА

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын 1992 жылғы 9 қазандағы Достастыққа қатысушы мемлекеттердің Геодезия, картография, кадастр және Жерді қашықтықтан зондтау саласындағы өзара іс-қимылы туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің үкіметтері төмендегілер туралы келісті:

1992 жылғы 9 қазандағы Достастыққа қатысушы мемлекеттердің Геодезия, картография, кадастр және Жерді қашықтықтан зондтау саласындағы өзара іс-қимылы туралы келісіммен бекітілген Геодезия, картография, кадастр және Жерді қашықтықтан зондтау жөніндегі мемлекетаралық кеңес туралы ереже (қоса беріліп отыр) жаңа редакцияда жазылсын.

2-бап

Осы Хаттама оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді оған қол қойған Тараптардың орындағаны туралы соңғы хабарламаны депозитарий алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Осы Хаттама күшіне енген күнінен бастап 2012 жылы 30 мамырда қол қойылған 1992 жылғы 9 қазандағы Достастыққа қатысушы мемлекеттердің Геодезия, картография, кадастр және Жерді қашықтықтан зондтау саласындағы өзара іс-қимылы туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттама өз қолданысын тоқтатады.

2021 жылғы 28 мамырда Минск қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа данасы Тәуелсіз мемлекеттер достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Хаттамаға қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Әзербайжан Республикасының

Үкіметі үшін

Армения Республикасының

Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының

Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының

Үкіметі үшін

Молдова Республикасының

Үкіметі үшін

Украина Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін

Тәжікстан Республикасының

Үкіметі үшін

Түрікменстан Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының

Үкіметі үшін

Өзбекстан Республикасының

Үкіметі үшін

1992 жылғы 9 қазандағы
Тәуелсіз Мемлекеттер
Достастығына қатысушы
мемлекеттердің Геодезия, картография,
кадастр және
жерді қашықтықтан зондтау
саласындағы өзара іс-қимылы
туралы келісімге өзгерістер
енгізу туралы 2021 жылғы
28 мамырдағы хаттамаға
қосымша

Геодезия, картография, кадастр және Жерді қашықтықтан зондтау жөніндегі мемлекетаралық кеңес туралы ЕРЕЖЕ I. Жалпы ережелер

1.1. Геодезия, картография, кадастр және Жерді қашықтықтан зондтау жөніндегі мемлекетаралық кеңес (бұдан әрі – Кеңес) 1992 жылғы 9 қазандағы Достастыққа мүше мемлекеттердің геодезия, картография, кадастр және Жерді қашықтықтан зондтау саласындағы өзара іс-қимылы туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) орындау үшін құрылады және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының салалық ынтымақтастық органы болып табылады.

1.2. Кеңес геодезия, картография, кадастр және Жерді қашықтықтан зондтау саласындағы келісілген саясатты айқындайды және жүргізеді, осы салада мемлекетаралық бағдарламаларды әзірлейді және жүзеге асырады, сондай-ақ геодезия, картография, кадастр және Жерді қашықтықтан зондтау саласындағы мамандарды даярлауды үйлестіреді.

1.3. Кеңес өз қызметінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Жарғысын, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде (бұдан әрі – ТМД) қабылданған халықаралық шарттар мен шешімдерді, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының салалық ынтымақтастық органдары туралы жалпы ережені және осы Ережені басшылыққа алады.

1.4. Кеңес өз қызметінде ТМД Үкімет басшыларының кеңесіне есеп береді.

II. Кеңестің функциялары

Кеңестің негізгі функциялары:

ТМД Мемлекет басшылары кеңесі, Үкімет басшылары кеңесі, Сыртқы істер министрлерінің кеңесі және Экономикалық кеңесі қабылдаған шешімдердің орындалуын Кеңес құзыреті шеңберінде ұйымдастыру және үйлестіру;

геодезия, картография, кадастр және Жерді қашықтықтан зондтау саласындағы ынтымақтастықтың басым бағыттары мен нысандарын тұжырымдау және келісу;

мемлекетаралық бағдарламаларды, жоспарлар мен ынтымақтастық жобаларын әзірлеу, келісу және іске асыруға қатысу;

ТМД деңгейінде ғаламдық және өңірлік геокеңістіктік ақпаратты басқару саласындағы келісілген саясатты әзірлеу;

геодезиялық координаттар жүйелерін орнату мәселелеріндегі ынтымақтастық;

географиялық объектілерге атаулар беру саласындағы ынтымақтастық;

кадастрлық есепке алу және жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу жүйесін дамыту мәселелері бойынша ынтымақтастық;

ТМД деңгейінде Жерді қашықтықтан зондтау нәтижелерін пайдалану мәселелері бойынша қызмет саласындағы ынтымақтастық;

Келісімге қатысушы мемлекеттердің мүдделі министрліктерімен және ведомстволарымен бірлесіп, ТМД үкімет басшылары кеңесінің қарауы және тиісті шешімдер қабылдау үшін геодезия, картография, кадастр және Жерді қашықтықтан зондтау мәселелері бойынша ұсыныстар дайындау;

Кеңес құзыреті мәселелерінде мемлекетаралық құрылымдармен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

геодезия, картография, кадастр және Жерді қашықтықтан зондтау саласында мамандар даярлауды үйлестіру болып табылады.

III. Кеңестің құрамы

3.1. Кеңес төраға мен Кеңес мүшелерінен тұрады.

3.2. Кеңес мүшелері Келісімге қатысушы мемлекеттердің геодезия, картография, кадастр және Жерді қашықтықтан зондтау саласындағы мемлекеттік басқару органдарының басшылары болып табылады.

3.3. Кеңес төрағасы Кеңес мүшелерінің арасынан сайланады.

3.4. Кеңестің жұмыс органы Хатшылық болып табылады.

3.5. Кеңестің құрамына кеңесу дауысы құқығымен Кеңес хатшылығынаң жетекшісі мен ТМД Атқарушы комитетінің өкілі кіреді.

IV. Кеңестің қызметін ұйымдастыру

4.1. Кеңес өз қызметін өзі әзірлеген әрі бекіткен жоспар негізінде осы Ережеге сәйкес ұйымдастырады, ТМД Атқарушы комитетімен, ТМД-ның басқа органдарымен, қажет болған жағдайда басқа халықаралық ұйымдардың хатшылықтарымен өзара іс-қимыл жасайды.

4.2. Кеңес қызметінің негізгі нысаны отырыстар болып табылады, олар қажеттілігіне қарай, бірақ жылына бір реттен сиретпей, Келісімге қатысушы мемлекеттердің әрқайсысында кезекпен өткізіледі.

4.3. Кеңеске төрағалық етуді Келісімге қатысушы әрбір мемлекет кезекпен өз өкілінің тұлғасында, егер Кеңес отырысында өзгеше қабылданбаса, ТМД-ға қатысушы мемлекеттер атауларының орыс әліпбиі тәртібімен бір жыл бойы жүзеге асырады. Кеңестің алдыңғы және кейінгі төрағалары оның тең төрағалары болып табылады.

Егер Кеңес отырысында өзгеше шешілмесе, Кеңестің төрағасы уақытша болмаған жағдайда оның міндеттері тең төрағалардың біріне жүктеледі.

4.4. Кеңес отырыстарына ТМД салалық ынтымақтастық органдары хатшылықтарының басшылары, геодезия, картография, кадастр және Жерді қашықтықтан зондтау саласындағы мемлекеттік басқару органдарының, басқа мүдделі мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың өкілдері байқаушылар ретінде шақырылуы мүмкін.

4.5. Кеңес отырыстарын өткізу, оларды ұйымдастыру-техникалық және ақпараттық қамтамасыз ету қабылдаушы мемлекеттің геодезия, картография, кадастр және Жерді қашықтықтан зондтау саласындағы мемлекеттік басқару органына жүктеледі.

Кеңес отырыстарын өткізуді қаржыландыруға байланысты шығыстар қабылдаушы мемлекеттің геодезия, картография, кадастр және Жерді қашықтықтан зондтау саласындағы мемлекеттік басқару органы есебінен жүзеге асырылады. Кеңес мүшелерінің және отырысқа қатысушылардың іссапарға арналған шығыстарын жіберуші мемлекеттік билік органдары мен Келісімге қатысушы мемлекеттердің ұйымдары жүзеге асырады.

4.6. Кеңестің және оның жұмыс топтарының жұмыс тілі орыс тілі болып табылады.

V. Кеңес пен оның мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

5.1. Өзінің міндеттері мен функцияларын орындау үшін Кеңестің:

Кеңес дайындаған құжаттардың жобаларын ТМД Мемлекет басшылары кеңесінің, Үкімет басшылары кеңесінің, ТМД-ның басқа органдарының қарауына белгіленген тәртіппен енгізуге;

өз құзыреті шеңберінде Келісімге қатысушы мемлекеттердің картографиялық-геодезиялық қызметтері арасындағы өзара ұтымды ынтымақтастықты дамытуға бағытталған шешімдер қабылдауға;

қажет болған жағдайда Кеңестің жұмыс топтарын құруға;

Кеңестің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша нормативтік-техникалық және басқа да құжаттарды келісуге;

Кеңес хатшылығының қызметін бақылауды жүзеге асыруға құқығы бар.

Келісімге қатысушы әрбір мемлекеттің Кеңестің жұмыс топтарына осы топтардың мүшелері құқықтарында өз өкілдерін жіберуге құқығы бар.

5.2. Кеңес төрағасы:

отырысты ашады және жабады;

отырысты жүргізеді, оның ішінде отырыстың күн тәртібі мен жұмыс регламентін бекітуге ұсынады, баяндамалар мен сөз сөйлеу үшін сөз береді, қаралатын мәселелер бойынша құжаттардың жобалары мен ұсыныстарды қарауға енгізеді;

Кеңестің хаттамалық шешімдеріне қол қояды;

рәсім қағидаларының сақталуын қамтамасыз етеді.

5.3. Кеңес мүшелерінің бірдей құқығы бар, әрбір мемлекет бір дауысқа ие.

Кеңес мүшесінің Кеңестің құзыреті шегінде кез келген мәселені талқылауға қоюға және қаралатын мәселелер және Кеңес қабылдаған шешімдердің орындалуы туралы қажетті ақпаратты алуға құқығы бар.

Кеңес мүшесі Кеңес қабылдаған шешімдерді тиісті мемлекеттік басқару органдарының назарына жеткізеді және олардың орындалуына ықпал етеді.

Кеңес мүшесі Кеңес қабылдаған шешімдердің орындалуын қамтамасыз етуге және Кеңестің Хатшылығын орындалуы туралы уақтылы хабардар етуге міндетті.

5.4. Кеңес жыл сайын ТМД Атқарушы комитетіне өз қызметі туралы ақпарат ұсынады.

VI. Кеңестің хатшылығы

6.1. Кеңес хатшылығының (бұдан әрі – Хатшылық) функциялары ТМД Атқарушы комитетінің құрылымдық бөлімшесімен бірге Ресей Федерациясының геодезия, картография, кадастр және Жерді қашықтықтан зондтау саласындағы мемлекеттік басқару органына (бұдан әрі – Орган) жүктеледі.

6.2. Хатшылықтың құрамын, оның функцияларына қарай, оның ішінде Хатшылықтың жұмысына Кеңес қызметінің негізгі бағыттары бойынша Келісімге қатысушы мемлекеттердің геодезия, картография, кадастр және Жерді қашықтықтан зондтау саласындағы мемлекеттік басқару органдарының мамандарын тарта отырып, Орган қалыптастырады. Хатшылықтың құрамын Кеңес бекітеді.

Хатшылықтың жетекшісі Органның өкілі, ал Хатшылық жетекшісінің орынбасары ТМД Атқарушы комитетінің өкілі болып табылады.

6.3. Хатшылық өз қызметінде Келісімді, осы Ережені және Кеңестің шешімдерін басшылыққа алады.

6.4. Хатшылықтың функциялары:

Кеңес қабылдаған шешімдердің орындалуын қамтамасыз ету және оларды бақылау;

Кеңес отырыстары күн тәртібінің жобаларын қалыптастыру және Кеңес мүшелерімен келісу;

Кеңес бекіткен бағдарламаларды, жоспарлар мен ынтымақтастық жобаларын іске асыру бойынша Кеңестің жұмыс топтарының қызметін үйлестіру, әдіснамалық қамтамасыз ету және бақылау;

Кеңестің және оның жұмыс топтарының жұмысы туралы есептік материалдар мен құжаттар дайындауды қамтамасыз ету;

Кеңестің шешімдерін Кеңес мүшелерінің және Кеңестің жұмыс органдарының назарына жеткізу;

Кеңестің және оның жұмыс топтарының отырыстарын ұйымдастыруға және олардың өткізілуін ақпараттық қамтамасыз етуге қатысу;

Кеңестің қарауына енгізілетін Келісімге қатысушы мемлекеттердің өзара іс-қимылының перспективалық бағыттарын қалыптастыру;

Кеңестің дерекқоры мен құжаттарын қалыптастыру және жүргізу: Кеңестің, оның Хатшылығының және жұмыс топтарының мүшелері туралы ақпарат; Кеңестің, оның жұмыс топтарының отырыс хаттамалары, Кеңестің, оның Хатшылығының және жұмыс топтарының жұмысы туралы есептік материалдар мен құжаттар; Кеңес қарайтын және бекітетін құжаттардың, бағдарламалар мен жоспарлардың жобалары; Кеңестің қызметі бойынша басқа да құжаттар, сондай-ақ көрсетілген ақпаратпен Кеңестің мүшелерін, оның Хатшылығын және жұмыс топтарын қамтамасыз ету;

ТМД Атқарушы комитетімен, ТМД-ның басқа органдарымен, қажет болған кезде басқа халықаралық ұйымдардың хатшылықтарымен өзара іс-қимыл жасау;

Кеңестің тапсырмасы бойынша оның қызметін қамтамасыз етуге байланысты өзге функцияларды да орындау.

VII. Рәсім қағидалары

7.1. Кеңестің кезектен тыс отырыстары Келісімге қатысушы мемлекеттердің бірінің бастамасы бойынша оның барлық қатысушыларымен консультациялардан кейін, егер мұны Кеңес мүшелерінің қарапайым көпшілігі жақтаса, шақырылуы мүмкін.

7.2. Кеңес отырысының кворумы үшін оның мүшелерінің үштен екісі қатысуы қажет.

7.3. Кеңес отырысына жеке қатысу мүмкіндігі болмаған жағдайда, Кеңес мүшесі өз өкілеттіктерін отырыс кезеңінде геодезия, картография, кадастр және Жерді қашықтықтан зондтау саласындағы өз мемлекеттік басқару органының басқа өкіліне беруге құқылы.

Кеңес мүшесі өкілінің өкілеттіктері расталуға тиіс.

7.4. Кеңес отырысына қатысушы делегацияның құрамын Келісімге қатысушы мемлекет қалыптастырады.

7.5. Кеңес шешімдері консенсуспен қабылданады. Консенсус Кеңеске қатысушы мемлекеттердің ең болмағанда бірінің қаралатын мәселе бойынша шешім қабылдау үшін өзі кедергі төндіретін ретінде ұсынатын ресми қарсылығының болмауы ретінде айқындалады.

Келісімге қатысушы мемлекет қандай да бір мәселеде өзінің мүдделі еместігі туралы мәлімдей алады, бұл шешім қабылдау үшін кедергі болып табылмайды. Отырыста қандай да бір Кеңес мүшесінің болмауы тиісті Келісімге қатысушы мемлекеттің тарапынан қарсылық ретінде есептелмейді және осы отырыста шешімдер қабылдау үшін кедергі болып табылмайды.

7.6. Кеңестің кезекті отырысы күн тәртібінің жобасын Кеңес хатшылығы қалыптастырады және ол Кеңес мүшелерімен келісіледі.

7.7. Кеңес отырысында келесі отырыстың өткізілетін күні мен орны айқындалады.

7.8. Отырысты өткізу тәртібін Кеңес айқындайды.

7.9. Рәсімдік, оның ішінде отырысты ашуға/жабуға, оның жүргізілуіне, күн тәртібінің жобасына ұсыныстар енгізуге және күн тәртібін, жұмыс регламентін қабылдауға, бақылаушыларға сөз беруге қатысты мәселелер қатысушылардың қарапайым көпшілік даусымен шешіледі.

7.10. Әрбір Кеңес мүшесі/делегация басшысы отырысты жүргізу тәртібі бойынша кез келген уақытта сөз сөйлей алады. Бұған Кеңес төрағасы тез арада сөз береді. Жүргізу тәртібі бойынша сөз сөйлеуші қаралатын мәселенің мәні бойынша сөз сөйлей алмайды. Жүргізу тәртібі бойынша ұсыныстарды төраға дауыс беруге талқыламай шығарады.

7.11. Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылау кезінде қажет болған кезде жұмыс топтары мен Хатшылықтың жетекшілеріне сөз беріледі.

7.12. Кеңестің отырысы барысында құжаттар жобасына ұсыныстар жазбаша нысанда енгізіледі және отырысқа қатысушылар арасында таратылады.

7.13. Отырыстың қорытындысы бойынша хаттама жасалады.

Отырыс хаттамасына Кеңестің қатысушы мүшелері қол қояды.

7.14. Отырыс аяқталған күнінен бастап 30 күннен кешіктірмей Хатшылық отырыстың хаттамасы мен құжаттарын Кеңестің барлық мүшелеріне таратады.